

Жаһандық дағдарыс жағдайындағы Қазақстан: білім беру, мәдениет

Бұл мақалада нарықтық қатынастардың қалыптасуында көрінетін қазіргі әлемдік жаһандану мен қазақстандық қоғамның трансформациясы жағдайында отандық білім беру жаңа қатерлерге кезігетіндігі сараланады. Барша қатерлерді талдау барысында шыққан қорытынды: көптеген қатерлер маман дайындау сапасына қатысты туындайтындығынан болып отыр. Бұл сапа мәселесі өте маңызды болғандықтан, осымен байланысты қатерлердің көлемін анықтай білу қажет.

Мәдени саладағы қауіп-қатерлерді бағалау мәдени бренд және тарихи мұра, ел мен мәдениеттің қауіпсіздігі, ақпараттық технологиялар мен ментельдық терроризм, кедейлік және рухани жұтандық, мәдениетаралық коммуникация және бөтен мәдени кодтарды тасымалдау сынды мәселелелік сұрақтар аясында жүзеге асырылатындығы талданады.

Өткеннің ұлы тұлғаларының шығармашылық мұрасын бүгінгі күннің «қиындықтарына» сәйкес қайта қарастыру – қоғамды, әлеуметтік-саяси үдерістерді, мәдени мұраны, адам руханилығын, мемлекеттің тұтастығын сақтауды жаңашылдық жаңғыртуға «шығармашылық» мүмкіндік болып табылатындығы қарастырылады.

Қазіргі әлемде білім беру экономика мен қоғамның жаңа сапасын қалыптастырудың маңызды факторы ретінде үлкен мәнге ие, соның негізінде алдыңғы ұрпақтың еңбегінің нәтижесінде жинақталған материалды және рухани құндылықтар, білім, тәжірибе, дәстүрлер өскелең ұрпаққа беріліп, игеріледі. Бұл қызмет білім берудің халықаралық интеграциясы аясында ерекше өзектілікке ие болады.

Мәселенің қазіргі жағдайы. Қазақстандағы бастауыш және орта білімді Экономикалық серіктестік және даму ұйымының халықаралық зерттеулерінің нәтижелері бойынша орташадан аса төмен деп айта алмаймыз.

Жоғары білім туралы мәліметтер жеткіліксіз, алайда бастапқы талдаудың өзі бізде ешқандай білім мен дағды бермейтін жоғары оқу орындарының көп екендігін көрсетеді. Мысалға, ҚР Президентінің «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауына сәйкес, БЖҒМ жоспардан тыс тексеруі жүргізілген болатын, ҚР 33 жоғары оқу орыны мен 57 бөлімшеге қысқарды:

- Қызылорда экономика, экология және құқық академиялық университеті (Қызылорда);
- «Дарын» әлеуметтік-гуманитарлық институты (Алматы);
- Алматы технология және бизнес университеті (Алматы);
- Оңтүстік-Қазақстандық ашық университеті (Шымкент) ;
- Оңтүстік-Қазақстандық педагогикалық университеті (Шымкент) ;
- Шығыс гуманитарлық институты (Өскемен) ;
- «Дәнекер» халықаралық құқық және халықаралық бизнес (Астана) ;
- «Отырар» университеті (Шымкент);
- Тілдер Академиясы (Шымкент);
- «Ұлағат» Академиясы (Шымкент)
- Орталық-Азиялық гуманитарлық-экономикалық институты (Шымкент);
- Алматы экономикалық университеті;
- Қарағанды фармацевтикалық институты.

Осы жылдың наурыз айында Білім беру және ғылым саласындағы бақылау комитеті Қазақ инженерлік, қаржы-банк академиясы, «Көкше» академиясы бойынша әкімшілік істерді лицензияларын қайтару үшін сотқа жіберген болатын, 22 оқу орнының лицензиялары бір айдан алты айға дейін қызметін тоқтатты.

Негізгі себептері ретінде мыналар айтылды:

- 78 оқу орнында ғылыми атағы мен дәрежелері бар оқытушылардың үлестері сәйкес келмеген;

- 58 жоғары оқу орнында оқу, оқу әдістемелік және ғылыми әдебиеттің қоры белгіленген талаптарға жауап бермеген;

- ғылыми зерттеу жұмысы бойынша 65 жоғары оқу орнында сәйкес келмеушілік орын алды;

- «құқықтану» мамандығы бойынша 60-тан аса, ал экономикалық мамандықтарды 100-ден аса оқу орны мамандар даярлайды. Сонымен қатар, мұнша жоғары оқу орындары үшін жоғары білікті оқытушылар жеткіліксіз, 54 оқу орнында студент санына оқытушы жетпеген.

Біздің ең жақсы оқу орындарымыз да батыстың жетекші оқу орындарынан аса артта қала қоймайды. Арнайы білім беруде Солтүстік еуропа, Германия, азиялық айдахарлармен салыстырғанда кемшіліктер кездесетіні белгілі.

Қазіргі мәселелерді талдау арқылы қауір-қатер түрлерін анықтауға болады.

1) «Қуып жетуді жалғастыру». Біз қазіргі заманғы білім беру жүйесін жасауға мол қаржы мен күш жұмсап жатқанда АҚШ пен Еуропа білім берудің өзге сапасына көшіп кетеді. Мұның қаншалықты жылдам әрі қандай формада болатындығын білмейміз. Жоқ дегенде кеңістік пен уақытта «білімнің төгіліп» отырғандығын көруге болады. Ең алдымен ақпараттық технологиялармен байланысты жаңа ойыншылар пайда болатын әлі де ескі институттар сақталған жаңа білім беру экожүйелері қалыптасуда. Егер де жаңа білім беру технологияларын игеруден қалыс қалсақ қатер ұлғая береді.

2) «Ақша азайып қалады». Білім беруге арналған инвестиция тиімділігінің төмендеуі жалпы әлемдік жағымсыз көрініске айналып бара жатыр. Білім берудің сырттай ғана дамуы жоғары білімді бұқаралық сипатқа алып келуде. Егер де білім берудің дәстүрлі модельдерін қолданса, инфляцияның жылдам өсуіне байланысты жай ғана ақша жетпей қалатындығы белгілі. Біздің еліміз үшін бұл қатер ас маңызды, себебі бюджеттік жетіспеушілікке байланысты таяу жылдарда жоғалы білім беруде қиын қаржылық дағдарысқа ұшырауы мүмкін.

3) «Ракеталар құлай береді». Жоғарытехнологиялық салалар үшін маман дайындауға қабілетсіздік. Бұл қатер айдан анық және де тар мағынадағы технологиялық артта қалушылықпен байланысты емес. Бұл көбінесе техникалық білім берудің инфрақұрылымының бұзылуымен, кәсіби білім берудегі мамандар жетіспеушілігімен және де осы салаға инвестицияның құйылмауымен тығыз байланысты.

4) «Байлар байи түседі, ал кедейлер – кедейлене береді». Қоғамдағы класстық бөлініс арта береді, мүмкін білінің нәтижесінде азаюы да ықтимал. Қазақстанда бірінші жағдай орын алып отыр, сондықтан, бұл біртіндеп геттоизацияға алып келуі мүмкін, ұлттық және нәсілдік белгілерге байланысты өте төмен кірісті және нашар мектептері бар аймақтар құрылысы жүзеге асырыла ма деген қауіп бар. Дәл осындай жағдай 20 ғасырдың 60-70 жылдары АҚШ-та орын алған. Бұл жағдайды, әсіресе, білім беру саласында қалпына келтіру өте қиын. Бірақ бұндай жағдайдан ешкім құтыла алмайды, дегенмен де Еуропаның бірқатар елдерінде жойылған болатын. Бұл қатер технологиялық артта қалушылықпен емес, әлеуметтік саясат пен қалалық жоспарлаудағы кемшіліктерге байланысты.

5) «Әркім өзінің радиосын тыңдайды». Қатер білім берудің азаматтардың ішкі қақтығыстарының деңгейін төмендете алмай отырғандығында. Біздің қоғам ішкі қиындықтардың артуы үдерісін бастан кешіруде; саяси, діни, мәдени ерекшелік, кей жағдайда қарсы тұрушылық та ұлғайып келеді. Білім беру әр түрлі саяси және этномәдени топтардың өзара оқшаулануын тоқтататын алаңға айнала алады. Сонымен қоса, мәдени-саяси шекараларға таралып қақтығыстар катализаторы ретінде де орын алуы мүмкін. Басқа елдердің тәжірибесі көрсеткендей, жастарды сұхбатқа үйрету, шыдамдылыққа тәрбиелеу елдегі азаматтық бейбіт өмірді сақтауға оң ықпал етеді.

Нарықтық қатынастардың қалыптасуында көрінетін қазіргі әлемдік жаһандану мен қазақстандық қоғамның трансформациясы жағдайында отандық білім беру жаңа қатерлерге кезігеді. Барша қатерлерді талдау барысында шыққан қорытынды: көптеген қатерлер маман дайындау сапасына қатысты туындайтындығынан болып отыр. Бұл сапа мәселесі өте маңызды болғандықтан, осымен байланысты қатерлердің көлемін анықтай білу қажет.

Маман дайындаудың сапасына әсер ететін негізгі қатерлер тобы жіктемесі:

1) ЖОО қатерлері:

- жоғары оқу орнының білім беру қызметінің жеткілікті түрде қаржыланбауы;

- бюджеттік қаржыландырудың жетіспеушілігі;

- білікті педагогикалық мамандардың жетіспеушілігі;

- ғылыми-білім беру үдерісінің жеткілікті ақпараттық қамтылмауы;

- материалдық-техникалық базаның жетілмегендігі;

- оқу-әдістемелік қамтудың заманауи талаптарға сәйкес келмеуі;

- талапкер дайындығының төмен деңгейі;

- мекемелердің жоғары оқу орнымен серіктестік жасамауы, жоғары оқу орнында тәжірибелік дайындықтың жоқтығы;

- білім беру қызметінің төмен сапасы;

- түлектердің қажетті деңгейде жұмыспен қамтылуы;

2) жеке тұлға қатерлері:

- теориялық базаның жеткіліксіздігі

- практикалық тәжірибенің болмауы;
- жеткілікті біліктілікті игермеуі;
- 3) қоғам қатері:
 - білікті мамандардың жеткіліксіздігі;
- 4) мемлекет қатері:
 - бюджеттік қаражатты тиімсіз пайдалану.

Қазіргі экономикалық жайдайға тән сұраныс пен ұсыныс деңгейінің тұрақсыздығы, үнемі қатаң бола түсетін бәсекелестік, техника мен технологияның үдемелі даму жылдамдығы, валюта курстарының өзгерісі, инфляция тағы да басқа көптеген факторлар жоғары оқу орындарының қызметінде қатерлер туындатуға жағдай жасайды, сондықтан да, білім беру қызметіне сапа менеджментінің маңызды бөлігі ретінде қатерлерді басқару жүйесін кіргізу және қолдану қажет. Сәйкесінше, мұндай зерттеулердің жалпы білім саласында оның ішінде университеттерде жүргізілуі маңызды екендігін түсіндіреді, жекелей алғанда университет заманауи қоғамның моделі болып табылады. Университеттің маңызды қызметі мамандық бойынша іргелі білім беру ғана емес, үйлесімді дамығын жеке тұлғаны қалыптастыру мен дамыту болып табылады. Үдемелі әлеуметтік өзгерістер кезеңінде, алмасып отыратын сыртқы жағдайлар, әлеуметтік ортаның сұраныстары, жеке қажеттіліктер университетте ерекше гуманитарлық ортаны дамыту өзектілігін арттырады, түлектің құзыреттілік, кәсібилік, ойлау мәдениеті мен рухани-адамгершіліктік келбетін жасауға басымдық беріледі.

Мәдениет саласындағы жаһандық қауіп-қатерлер. Жаңа мақсаттар мен бағдарлар ұлттық мәдениет пен өнердің даму мәселесін белсендіре түседі, оны растайтын 2014 жылы күзде қабылданған ҚР мәдени саясатының Концепциясы. Онда қазақстандықтардың бәсекеге қабілетті мәдени ментальдылығын қалыптастыруға, заманауи мәдени кластерлердің дамуына бағытталған іс-шаралар белгіленген. Сонымен қатар, Қоғамдық қауіпсіздік саласында қазақстандық сарапшылар анықтаған қатерлер бар: саяси және әкімшілік басқарудың жалпы дағдарысы; қоғамда идеологиялық негіздің болмауы; адамдар сенетін легитимді қоғамдық ұйымдардың болмауы; әлеуметтік салаға көңілдің толмауы осы әлеуметтік-гуманитарлық блоктың болашақтағы жасалуына себеп болады. Қазақстан мен оның болашағы үшін қауіпті өркениеттік қатерлер мен жаһандануға жауап қайтару қажеттілігі мәдени саясаттың сипаты мен мазмұнына тікелей әсер етеді. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, жаһандану үдерістері мен мәдени динамика бірегей әлемдік мәдениеттің қалыптасуына алып келмейді. Қазіргі заманғы мәдениет бір-бірімен сұхбатта және өзара әрекетте болатын ерекше мәдениеттердің көптігі болып қалып отыр. Мәдени өзгерістер біртектілікке емес, тек қана әмбебаптылыққа алып келеді. Қазіргі заманғы мәдени дамудың мегатенденциясы ретінде, сәйкесінше, мәдени мәселелерді шешудің оңайлатылған рационалдық сұлбаларынан бас тартатын, «түсінетін» рефлексияның маңызының артуы, қоғамдағы әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-мәдени, этникааралық, діни және т.б. мәселелерді шешудегі жаңа тәсілдерді жасаудан тұратын мәдени өзара әрекеттің жаңа типінің қалыптасу мәселесін

көрсететін ерекше зерттеу бағыты ұсынылады. Біздің гуманитарлық зерттеуіміздің мақсаты ұлттық идеямен байланысты жүйелі қарастыру бағытында ғылыми білімнің барша кешенін ынталандыруда болып табылады. Оны жүзеге асырудың әдіснамасын таңдау ғылыми жаңалығы мен практикалық қолданысын өз ішіне біріктіреді [1, 156 б.].

Мәдени саладағы қауіп-қатерлерді бағалау мәдени бренд және тарихи мұра, ел мен мәдениеттің қауіпсіздігі, ақпараттық технологиялар мен ментельдық терроризм, кедейлік және рухани жұтандық, мәдениетаралық коммуникация және бөтен мәдени кодтарды тасымалдау сынды мәселелелік сұрақтар аясында жүзеге асырылды.

Анағұрлым бәсекеге қабілетті әлемнің 30 елінің қатарына кіру стратегиясы өзгенің тәжірибесін қарастыру мен қолдану есебінен ғана шешуге болмайды, ол үшін жаңа ыңғайлар, отандық интеллектуалды капиталдың негізінде жаңа білім мен шешімдер жасау қажет. Тарихи өткеннің ұлылығы, бабалардың рухы мен күші мәдени мұраны сақтап қана қоймай, арттыруға, әлемдік өркениеттің дамуына шынайы мәдени үлес қосуға себеп болады. Жаһанданған әлемде елдің болашағы көбінесе қоғамның сауатты әрі білімді бөлігінің қоғамдық-саяси, азаматтық ұстанымдарына тәуелді. Олардың қызметі шешуші дәрежеде арықарайғы қозғалыстың жолдарын анықтайды. Осы ретте ұрпақтардың рухани сабақтастығын іздеудің маңызы ғылым мен техниканы, әлеуметтік және саяси жүйелерді жаңғырту «ақыл-ойды жаңғырту» мәселесіне себеп болады. Қоғамды жаңғырту үдерісіндегі дәл адамгершіліктік жағы анағұрлым маңызды және күрделі. Қазіргі әлемнің құндылықтарын қабылдау өз халқының тарихи өткені, өз мәдениеті мен дәстүрлерінің адамгершіліктік императивтерінің негізінде ғана мүмкін болады. Дамудың өтпелі, сын кезеңдерінде қандай да бір қауымдастықта адамгершіліктік ұстанымдарда, моральдық заңдарында дағдарыс байқалып, құндылықтар қайтадан қарастырылатындығы белгілі. Бекітілген ақиқаттардың мағыналық мәні талданады және құндылықтардың өзін «қайта бағалау» жүзеге асырылады.

«Мәдени бренд және тарихи мұра» мәселесі де қайта қарастыруды талап ететін маңызды сұрақтардың бірі. Осы арнада мәдени бренд немесе елдің брендтерін жасап шығару, жеке тұлға-брендтерді қалыптастыру идеясы орынды болып табылады. Бұл азаматтардың өз бойларында да, сонымен қатар, басқа мемлекет өкілдерінде де ел туралы ілеспе ойға жетелейтін рәміздер. «Брендтер оңай алмастырылады». Болашақ брендтермен шектелмейтіндігіне баса назар аударамыз. Және де, алмастырылмайтындыққа талаптанатынды жасап шығарудың қажеті жоқ, ол қол жетпес болуы керек, оған адамдар төтеп бере алмайтын мәңгі құнды дүние болғаны абзал. Бұған жету үшін дәлелденген және ұтымды таңдау өзіміздің өткен тарихи тұлғаларға, әрдайым ақиқатты және шынайы болып табылатын рухани беделге, түпнұсқалық білімге бет бұру [2, 202 б.].

Жоғалған бақытымызды іздеуде біз өзіміздің ұлы бабаларымыздың мұрасына көз тігеміз. Өткенсіз бүгін жоқ, бүгінсіз болашақ жоқ. Біздің бүгінгі күніміздің әрбір сәті – өткеннің елесі мен болашақтың бастауы. Осы

ретте ұлы философ, ғалым-энциклопедист Әбу Насыр әл-Фарабидің тұлғасын ерекше атап өтуге болады. Ұлы ойшыл, философтардың мұрасына назар аудару – бұл өзінше рухани бағдарларды айқындау, құндылықтарды мәнге бөлеу, осылардың негізінде рухани бірігу мен ұрпақтар сабақтастығының өзекті концепцияларын, қазақстандық ұлтжандылықтың негізгі ұстанымдарын жасау, Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа үдемелі жаһандық үдерістер жағдайында кіру стратегиясын жүзеге асырау болып табылады. «Философтың мәңгі өлместігі, оның айта алғандығында, айтып үлгергендігінде және ең бастысы өзінің замандастарына тыңдата алғандығында» деген екен. Соның жарқын көрінісі, ұлы ойшылдың бай ғылыми мұрасы бүгінгі күнге дейін өзінің жалғасын тауып, іске асып келеді – оның еңбектері, трактаттары, ойлары уақыттыр ағынында өздерінің жаңашылдығы мен өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Өткеннің ұлы тұлғаларының шығармашылық мұрасын бүгінгі күннің «қиындықтарына» сәйкес қайта қарастыру – қоғамды, әлеуметтік-саяси үдерістерді, мәдени мұраны, адам руханилығын, мемлекеттің тұтастығын сақтауды жаңашылдық жаңғыртуға «шығармашылық» мүмкіндік болып табылады. Біз Еуропа, Азия мен Американың көптеген мемлекеттерімен тығыз байланыстамыз. Жалпы әлемдік жаһандық үдеріске қосылуда біз өзіміздің мәдени ерекшелігімізді, тіл, әдебиет, музыка, өнер, руханилығымызды сақтап қалуымыз қажет. Өз бай мәдени мұрамызды сақтар қалу оңай емес, алайда оны болашақ ұрпаққа тарату мен ретрансляция жасау өте маңызды. Халықтың тарихы, салт-дәстүрін жай ғана көпшілікке таныту ғана емес, адамдардың санасына ұлттық мақтаныш, ұлтжандылық, адам абыройы мен қадірі түсініктерін ендіру қажет.

Тағы бір маңызы зор мәселе «Ел қауіпсіздігі және мәдениеттану». Адамның өмірлік және құқықтық қажеттіліктері мен негізгі құндылықтары оның қауіпсіздігі болып табылады. Бұл ұғымның мәні тереңде жатыр, өйткені ол туралы антикалық философтарың, ағартушылық заман ойшылдарының, сонымен қатар осы заман зерттеушілерінің теориялық еңбектерінен кездестіреміз. Мұның мысалы 19 ғасырдағы әлеуметтік-саяси катаклизм мен жиырмасыншы жүзжылдықтың ішінде «қауіпсіздік» ұғымының мағынасы кеңейген болатын. Осы термин индивидтің персоналды жағдайын, қоғамның жеке ахуалын, мемлекет пен халықаралық қауымдастықтың орнын анықтауға үлес қосты. Сонымен қазіргі таңдағы зерттеушілер, бұл ұғымның құрамына құқықтық-нормативтік құжаттар мен формализациялық іс-әрекеттер кіреді [3].

Қауіпсіздіктің классификациялық және типтік түрлері: зерттеушілік, ғылыми, публицистикалық әдебиет, құқықтық-нормативтік актілер. Осының ішінде құқықтық-нормативтік актілердің құрамында «қауіпсіздік» ұғымы жиі кездеседі, олар келесідей: әскери, экономикалық, әлеуметтік, ақпараттық, демографиялық, этномәдени, экологиялық және физикалық қауіпсіздіктер және т.б. 8 категориядан тұратын «Адам қауіпсіздігінің концепциясы» БҰҰ құжаттарында қарастырылған. Олар реті мынадай: экономикалық қауіпсіздік; сауда-саттық қауіпсіздігі; денсаулыққа байланысты қауіпсіздік; экологиялық

қауіпсіздік; жеке бастың қауіпсіздігі; әлеуметтік қауіпсіздік; қоғамдық қауіпсіздік; саяси қауіпсіздік [4].

Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік туралы заңында (6 қаңтар 2012 ж. № 527-IV) ұлттық қауіпсіздікке байланысты мынадай делінген: қоғамдық қауіпсіздік – азаматтардың өмірі, денсаулықтары мен игіліктері қорғалған, қазақстан қоғамының рухани құндылықтары мен әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесі мен оның толық қоғамдағы тұрақтылық жағдайы қорғалған; әскери қауіпсіздік – азаматтар мен адамдардың өмірі өте маңызды назар аударылады, оның ішінде мемлекет пен қоғамдағы ішкі және сыртқы қауіп-қатерден, сонымен қоса сыртқы әскери күштерден қорғалады; саяси қауіпсіздік – конституциялық тұрғыдан мемлекеттік қызмет органдырының жүйесі мен мемлекеттік басқару тәртібінде реалды және потенциалды қауіп-қатерден және мемлекеттің халықаралық ережеге сәйкес азаматтардың, әлеуметтік топтардың – құқықтары мен бостандықтарын, тұрақтылығын, қызығушылықтарын теңдігін, тұтастығын сақтауды қамтамасыз етеді; экономикалық қауіпсіздік – Қазақстан Республикасының ұлттық экономикасы шынай және потенциалды қауіп-қатерден, экономиканың тұрақты дамуы мен тәуелсіздігі қорғалады; ақпараттық қауіпсіздік – Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістікте, сонымен қатар адамдар мен азаматтардың құқықтары мен қызығушылықтары және қоғам мен мемлекеттің ақпарат саласындағы шынайы және ықпалды қауіп-қатерден, елдің ақпараттық тұрақты даму мен қауіпсіздігі қорғалады; экологиялық қауіпсіздік – азаматтар мен адамдардың өмірі, құқығы, қызығушылықтары және қоғам мен мемлекетке қауіптерден, қорғашаған табиғат мен антропогендік пайда болған апаттардан қорғалады [5].

«Қауіп-қатерлер ауқымын кеңейту және қауіп түрлерінің күрделенуі». Көріп отырғанымыздай, көрсетілген аспектілердің көп бөлігі мағыналық тұрғыдан біртұтас болып отыр. Ендігі біздің көзқарасымыз бойынша актуальдылықпен назар аударатынымыз технологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуіміз қауіпсіздік функциясын нығайта түседі. Ең әуелі адамзат алдында табиғи ортаны қорғау мен одан келетін табиғи күштерден келетін қауіп-қатерден қорғану болып табылады, олай болмағанда әлеуметтік қармақатынастар жүйесінің «картинасы» анағұрлым құрылымдық және дифференциалды қауіп-қатер алдында тұр. Қоғамдық жүйені әлеуметтік салада қауіптердің ұлғаю процесін модификациялау, модернизациялау және адекватты түрде оларға әртүрлі қарама-қарсы жұмыс жасауды талап етіп отыр, оларды тез арада субъектілердің өмірлік қабілеті мен өліміне алып келуі ретінде көреміз.

Осындай жағдайда, қауіпсіздік әлеуметтік күрделі феномен болып табылады, ол нақтылық пен түсінікті мағыналық контентін дұрыстауды талап етеді, сонымен қатар жүйелі нақты және функционалды қамтамасыз етуді алға тартады. Осы мәтінде біздің пікірімізше бұндай жағдайды мәдени қауіпсіздік деп айтамыз, бұның бірден-бір шешу әдісі әлеуметтік модернизация, яғни әлемді мәдениаралық коммуникация мен ынтымақтастық арқылы өзгерту.

Біз «мәдени» деген сөзді көп қолданамыз, оның кең мағынасында мәдени интерпретация ретінде адамның рухани және материалдық қызметінің аспектілерін, индивидтің психологиялық ерекшеліктерін, тәрбиесін, әлеуметтік ортасын, сенімін қолданысқа ие. Жоғары институционалды деңгейде қарастырсақ – бұл қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси, құқықтық жүйесін, қарулы күштерін, құрылымдық сала күшін, мәдениет саласындағы саясатын, білім беру жүйесін, халықтың денсаулығы мен демографиялық жағдайын және т.б. қарастыратын мәдени деңгей.

«Жеке тұлғаның жойылуы» мәселесі де бүгінгі күннің өзекті тақырыптарының біріне айналуда. «Мәдени қауіпсіздік» рухани-өнегелік тәрбиені қалыптастырушы идеологиялық концепті болып саналады. Қазіргі уақытта, нарықтық экономика саласындағы заңдардың иелігінде, тұлғаның рухани-өнегелік тәрбиесі қиын жағдайда тұр. Өте үлкен қауіп бүгінде тек қана экономикалық кризисте емес, саяси жүйедегі деформациялардағы тұлғаның бүлінуі.

Зерттеушілердің айтуынша, осы күнгі жас ұрпақтың тұлғалық дамуының негізгі факторы – рухын тәрбиелей алмай отыр. Сұрақ туындауы заңдылық, сонда тұлғаның рухани-өнегелік қабілеті қандай болуы тиіс? рухани-өнегелік тәрбие немен анықталады? Біз рухани мен өнегелік ұғымдарына ажырамыс дүние кеніне мән бермейміз.

Рухани-өнегелік – тұлғаның негізгі базалық тірегі, сөзінде, ісінде, ойында пайда болуымен сипатталады. Осы секілді мәдени жоғары рухани-өнегелік деңгейіне білім кепіл бола алмайды, ол адам күнделікті жүріс-тұрысымен, оның өзгемен қарым-қатынасынан анықталады. Жас ұрпақтың зиялылық, өнегелік, эстетикалық, мәдени интеллектуалдық тәрбиесі мен дамуы, оның тұлға ретіндегі және әлеуметтену үдерісінде анағұрлым міндеті болып есептеледі. Адам өзін тұлға ретінде жүзеге асырылуында рухани даму, өзін қиын жағдайларға төзуі мен уайымын тәрбиелеуі, нақтылық, кеңесшілдік, айналасындағы бәкіл нәрсеге жауапкершілікпен қарау секілді нәрселерге мән беруі керек.

Қазіргі таңдағы Қазақстандық қоғам мәдениеті жалпылай алғанда деструктивті жағдайда сипаллады. Деструктивті жағдай ереже бойынша көзқарастар, іс-әрекеттер, төзімсіздік, агрессивтілік, зорлық-зомбылықтың пайда болуымен анықталады. Осы негізде әлеуметтік үдерістерде қызығушылықтардың қақтығысы, әлеуметтік әділетсіздіктер, әртүрлі мәдени келіспеушіліктер, адамдардың тұлғалық жетілмеуі, дөрекілік, психологиялық теңсіздік, фанатизм, саяси тұрақсыздық және т.б. секілді мәселелер себеп болып отыр [6]. Бұл өз кезегінде адамдардың сұранысы мен қажеттіліктерінің, қызығушылықтарының өркениеттікке жатпайтын формасы, мүмкін субъектілердің міндеті негізінде өздері шешетін мәселелерге әрекетсіздік пен немқұрайлығы. Сонымен қатар бұл әлеуметтік жүйенің бұзылуы мен тәртіпсіздігі және де белгілі саяси, экономикалық, әскери қозғалыстың шешуге міндетті технологиясы.

Әдебиетгер:

- 1 Зайцева А. Спектакулярные формы протеста в современной России: между искусством и социальной терапией // Неприкосновенный запас. – 2010. № 4 (72).
- 2 Абатуров В. Протестующий мир: [электр.ресурс]. – URL: <http://www.inosmi.ru/> //
- 3 Гуревич А. Мотивация эмиграции. – СПб., 2005. -272 с.
- 4 Herskovits J. M. Acculturation: the Study of Culture Contact. New York, 1958. – P. 112.
- 5 [электр.ресурс]. – URL: <http://www.kazpravda.kz/> 10.07. 2012 .
- 6 Булуктаев Ю. Государство и гражданское общество: проблемы взаимодействия // Гражданское общество в Республике Казахстан: концептуальные основы и реальность развития. – Алматы, 2012. С. 136-139.

